

Ақиқатын

Егіз өрімді ғұмыр

Тарихты жекелеген тұлғалар жасайды. Әрине, халықпен бірлесе отырып. Жеке батырдың жалғыз жүріп жол табуы қашан да қиын. «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпас» деген даналық сөз бекер айтылмаған.

Сондықтан мақсаттас, мұраттас, еш уақытта бір-бірінен бөліп қарай алмайтын, бір-бірін толықтыратын тұлғалардың достығы, одағы тарихқа көп ықпал жасағанын байқаймыз.

Ақын Мұхтар Шахановтың: «Байқаймысың, байқаймысың Мына ғажап тамашаны: Бір адамға байланысты бір адамның болашағы. Байыппенен көз жіберсең асау жылдар өрісіне, Бір адамға байланысты бір адамның жеңісі де. Исатайды жеңбесе жау, Махамбетті женер ме еді, Қайран ақын тағдырының соққысына көнер ме еді?» деп келетін өлеңі бар. Осы жырда айтылғандай, шынында да көптеген тарихи тұлғаның жеткен биігі, алған асуы, шыққан шыңы екінші бір тұлғаға байланысты болғанына көзіңіз жетеді. Біздің бүгінгі әңгімеміз де осындай асау уақыттың өзі де бөле алмайтын қос тұлғалар жайында болмақ.

Білге қаған мен Күлтегін

Тарих толғатып тудырған қос тұлғалар дегенде, ежелгі түркі қағанатын құрған Білге қаған мен Күлтегін бабаларымыз алдымен еске түседі. Ұсақ-ұсақ ұлыстарға бөлініп, азып-тозып кетудің алдында тұрған әкеден қалған елін тік тұрғызу үшін жорықта жүрген ағасы Білгені суыт сарайға шақыртып, «Сен заңды мұрагерсің. Ақылың да, батылдығың да бар. Қаған бол! Ал мен өмір бойы семсерімді қынабыма салмай, қағанат үшін күресіп өтуге әзірмін» демеп пе еді Күлтегін. Шынында да, Білге қаған бастап, Тоныкөк қостаған, 15 жылдың ішінде түркі қағанаты өзінің ең бақытты, мейманасы тасыған, айбыны асқан дәуірін басынан кешті. Араға 15 жыл салып барып, 47 жасында Күлтегін оғлан дүние салғанда, Білге қаған Күлтегіннің құдіретіне тағзым етіп, арулап көмді. Бауырының қазасына қабырғасы сөгілген Білге қаған оны мәңгі есте қалдыру үшін құлпытасқа түркі елінің тарихын, Күлтегіннің ерлігін ойып жаздырды.

Шыңғыс хан мен Жамұха

Түркі қағанаты ыдырап, арада әлденеше ғасыр өткенде, Шыңғыс хан мен оның ең жақын досы, кейіннен қас жауы болған Жамұха екеуі құмалақтай шашылып кеткен көшенді елдің басын құрап, кейіннен жарты әлемді билеген алып империяның негізін қалағаны тарихтан белгілі. Кейін Жамұха өзін сатып кеткенде де Шыңғыс оған достық қолын созумен болады. Бірақ оған көнбеген қыңыр Жамұханы өз өтініші бойынша жер жастандырған соң, Шыңғыс ханның бір апта бойы қайғыдан жер бауырлап жатып алғаны тарихта бедерленіп қалған.

Керей мен Жәнібек

Шыңғыс ханның Жошыдан туған ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандардың басшылығымен Шу бойында Қазақ хандығы құрылғаны ол да шындық. Керей мен Жәнібектің одағы арқасында байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпалары басын қосып, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуы басталды. Осынау істе Керей мен Жәнібек аса маңызды және түбегейлі шешуші рөл атқарды. Бұрынғы дәуірлерде бытыраңқы болып келген қазақ тайпаларының басы бір жерге қосылды, қазақтың этникалық территориясы бірікті, қазақтың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатуға мүмкіндік берді. Бұрын Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында қолданылған «өзбек-қазақ» деген жалпы атау бір-бірімен ажырады. «Қазақ» термині бірте-бірте Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісауа қалыптасқан халықтың тұрақты атына айналды. «Өзбек» термині Мұхаммед Шайбаниге еріп кеткен тайпалардың этникалық атауы ретінде Орта Азияда ғана қолданылатын болды.

Кенесары мен Наурызбай

Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» дастанында ұлттық батырлар Кенесары мен Наурызбайдың бейнелері психологиялық жағынан керемет айшықталып, тамаша жасалынған. Кене хан небір қанды жорықтарда сүйікті інісі Наурызбайдың керемет батырлығына сеніп, бүкіл өмірінде өзіне сүйеніш көрген. Өз жақтастары ішіндегі опасыздық салдарынан Кенесары қырғыздардың қолына түскенде, ағасының қолға түскенін естіген Наурызбай батыр қол жинап, оны құтқару үшін соғыс ашудың орнына, «Ағамнан жаным артық па?» деп өз еркімен Кенесарының қасына барып тұтқынға түскен. Сонда Кенесары: «Қап, батырым, бекер жасадың-ау. Наурызбай бәрібір құтқармай қоймайды, деп мені босатқалы отыр еді» деп қатты өкініпті дейді. Мәрт батырлардың қазасының өзі таңғажайып аңызға бергісіз. Қырғыздар Наурызбай батырды найзаға шаншып, көкке көтеріп: «Наурызбай, енді қалайсың?» деп сұрағанында, ол: «Сенен әлі де найза бойы жоғары тұрған жоқпын ба» деп жауап беріпті. Ал енді Кенесарыны жазалайтын жерге арқанмен байлап әкеліп, айбалтамен басын шаппақ болғанында ол тауға қарап тұрып жиналғандардың етжүрегін елжірете ерекше бір халық әнін шырақпты...

Исатай мен Махамбет

Махамбеттің бозбала кезінен бастап асқар таудай аға тұтып, ерге тірек, халыққа көсем санаған, қаза тапқаннан кейін аза тұтып, аруағына сыйынып өткен адамы – Исатай. Исатай – басшы, өзі – қосшы боп, небір қысылған кез, қиын сәттерде де, араларында пікір қайшылығы туындағанда да аса қызу мінезді батыр Махамбет бірде-бір рет көтеріліс көсемінің бетіне келіп көрмепті. Өте жоғары бағалап, ерекше құрметтеген, шын жүрегімен жақсы көрген. Азамат ердің бойында болуы керек барлық асыл қасиеттерді Исатайдың тұрпатынан тапқан. Сондықтан да Махамбет өлеңдерінің Исатайға жанаспайтыны некен-саяқ. Махамбет поэзиясы арқылы арыстан жүректі ер Исатайдың қайталанбас қаһарман образын, заңғар бейнесін мәңгілік сомдап кетті. «Арыстан еді-ау, Исатай! Бұл фәнидің жүзінде Арыстан одан кім өткен?!» деп өлгеннен кейін де ұзақ жоқтап, аза жырын жазды.

Шоқан мен Достоевский

Шоқан мен Достоевскийдің достығы – бір жағынан тарихқа белгілі талай-талай ірі азаматтардың достығына ұқсас та, екінші жағынан оларға ұқсамайтын, оқшау, ғажайып достық. Тағдыр Шоқан мен Достоевскийді ұзақ жылдар қатар жүргізіп, бір-біріне сыралғы қылып біте қайнастырмапты. Әуел баста жалғыз рет Омбыда, содан кейін Семейде бірнеше мәрте, соңында Петерборда үзіп-жұлып қысқа кездесіп жүрген. Бірақ бір көргеннен өшпестей ғашық болған жырдағы жастардай – бұлар да алғашқы танысқаннан-ақ бір-біріне ықыласы қатты құлаған жандар. Алғашқы әсер, алғашқы сезім екеуін де алдамаған. Ұшырасқан сайын екеуінің бір-біріне деген достық пейілі, жақындық сезімі арта түскен. Ал кездесу аралықтарындағы екеуінің бір-біріне жазған хаттары қандай! Сол сарғайған хат-қағаздар екі ер-азаматтың арасындағы айнымас достықты, айрықша бір пейілділікті паш етеді. Тіпті мәдениеті биік адамдардың сезімін білдіруге қымсынып әзіл-оспаққа саятын жеңіл қалжыңында қанша жылылық, іштен тепсінген ықылас-мейір жатыр.

Достоевский кейде өз сезімін ашық айтады. «Неге екенін білмеймін, мен сені туған інімнен артық көремін» дейді Шоқанға жазған бір хатында. Достоевский мен Шоқан достығы – ой-пікірдің қабысуы, білім дәрежесінің теңдестігі, талғам табысуы ғана емес, одан әлдеқайда биік, рухани, адамгершілік тереңінде жатқан бір сырлы ғажайып үндестік болу керек.

Тарихтың өзі толғатып тудырған қиыспас қос тұлғалардың аталған кісілермен шектелмейтіні белгілі. Соған қарағанда Жаратушы жақсы көрген құлын жалғыз тудырмайтын немесе жалғыз қалдырмайтын секілді...

Тәшенов Төреғали